

ISSN (Print) 2616-678X
ISSN (Online) 2663-1288

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

BULLETIN

of the L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Серия **ФИЛОЛОГИЯ**
PHILOLOGY Series

№4(125)/2018

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Астана, 2018

Astana, 2018

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Редакция алқасы

Аскер оғлы Рамиз	Ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	Ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Бахтикиреева Улданай	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	Ф.ғ.д. проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргүл	Ф.ғ.к., (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, ассос. проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	Ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	Ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серікгүл	Ф.ғ.д. проф. (Қазақстан)
Султанов Казбек	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Тәжібаева Сәуле	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	Ф.ғ.к., доцент м.а. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковский Генрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қ.Сәтпаев к-сі, 2, 408 б.

Тел.: (7172) 709-500 (ішкі 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Жауапты редактор, компьютерде беттеген: Илияс Құрманғалиев

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Меншіктенуші: ҚР БЖҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК
ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.
Мерзімділігі: жылына 4 рет.
Тиражы: 35 дана
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 12/1, тел.: (7172)709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief **Dihan Kamzabekuly**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial board

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Beisembayeva Zhanargul	Can. of philology, (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof. (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, assos. Prof. (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sultanov Kazbek	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Sharip Amantay	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satpayev str., of. 408, Astana, Kazakhstan, 010008
Tel.: (7172) 709-500 (ext. 31-413)
E-mail: vest_phil@enu.kz

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev

Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 35 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: (7172) 709-500 (ext.31413)

© L.N. Gumilyov Eurasian National University

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Редакционная коллегия

Аскероглы Рамиз	д.ф.н., проф. (Азербайджан)
Акматалиев Абдылдажан	д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Бахтикиреева Улданай	д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргуль	к.ф.н., (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, ассос. проф. (Турция)
Каскабасов Сейит	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Серикгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Султанов Казбек	д.ф.н., проф. (Россия)
Тажибаева Сауле	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	к.ф.н., и.о. доцент (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2, каб. 408

Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Ответственный редактор, компьютерная верстка: Ильяс Курмангалиев

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 35 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: (7172)709-500 (вн.31413)

© **Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева**

Мазмұны

<i>Аймұхамбет Ж.Ә., Мақаш Л.</i> Атилла туралы аңыздаулар	8
<i>Амангелді А.А., Тилеужан Д.М.</i> Лиро-эпостық жырлардағы жылқыға қатысты заттық мәдениет лексикасының берілуі	15
<i>Байбатырова А.А.</i> Ағылшын тілінде жазылған ғылыми мақаланың макро-құрылымының когнитивтік және прагматикалық моделі	25
<i>Бейсембаева Г.З., Калибасова А.К.</i> Гендерлік лингвистикадағы эмоцияны айқындайтын лексика (ағылшын және қазақ тілдері негізінде)	42
<i>Бейсембаева Ж.А., Барямова Р.К.</i> Техникалық дағдылар және ағылшын тілі оқытушыларының онлайн оқыту дайындығы	50
<i>Бижкенова А.Е.</i> Қазіргі қазақ тіліндегі туынды модельдеу	62
<i>Дәулетбекова Ж.Т., Юсуп П.Қ.</i> Білім беру үдерісінде филолог-студенттердің интеллектуалдық құзіреттілігін қалыптастырудың психологиялық негіздері	70
<i>Дихан Қамзабекұлы</i> Алаштың «23 жоқтауы» - азаттықты жоқтау рәмізі	77
<i>Жусупова Р.Ф., Ниязова А.Е., Абдуова Б.С.</i> Кәсіби бағдарлы тілдік тұлғаны қалыптастырудың мультилингвалды сипаты	86
<i>Зейнулина А.Ф., Ибраева А.Т.</i> Ұлы Дала фольклорындағы Арқалық батыр бейнесі	94
<i>Мұхтарова С.С.</i> Қазақ баламасыз лексикасын жеткізу жолдары (І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы негізінде)	102
<i>Сыздықова Г.О.</i> «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырындағы сапалық сын есімдердің семантикасы	108
<i>Таңжарықова А.В., Юсуп А.Н.</i> Қазіргі қазақ поэзиясындағы киелі жердің мифопоэтикалық бейнесі	115
<i>Тұрысбек Р.С., Мәтібаева Э.Қ.</i> Шағын жанрдың көркемдік әлемі (Д. Досжан әңгімелері бойынша)	121
<i>Өтебалиева Г.Е., Қасқабасова Қ.С.</i> Ана тілі деңгейінде үйренуге арналған көпдеңгейлі тіл білімі	129
<i>Шокабаева С.С.</i> Қазіргі қазақ тіліндегі «ақ» сөзінің сөзжасамдық әлеуеті	136
<i>Жазбадереқ. Сәтенова С.К.</i> Рухани жаңғырумен үндес іргелі ғылыми еңбек	145

Contents

<i>Aimukhambet Zh.A., Makash L.</i> Legends about Attila	8
<i>Amangeldy A.A., Tilozen D.M.</i> Reflections of material and cultural vocabulary associated with the horse in lyric-epic works	15
<i>Baibatyrova A.A.</i> Cognitive-Pragmatic Model of Macrostructure of Research Articles Written in English	25
<i>Beisembayeva G.Z., Kalibasova A.K.</i> Gender aspect of the emotion expression in English and Kazakh languages	42
<i>Beisembayeva Zh.A., Baryamova R.K.</i> Technical Skills and Readiness of English Language teachers in Kazakhstan to teach online	50
<i>Bizhkenova A.E.</i> Modern modeling of the Kazakh Language	62
<i>Dauletbekova Zh.T., Yusup P.K.</i> Psychological Basis of the Formation of Philologists-Students' Intellectual Competence in the Literary Educational Process	70
<i>Dihan Kamzabekuly</i> «23 Zhoktau» of Alash – a Symbol of Zhoktau for Freedom	77
<i>Zhusupova R.F., Niyazova A.E., Abduova B.S.</i> Formation of professionally oriented linguistic identity multilingual character	86
<i>Zeinulina A.F., Ibrayeva A.T.</i> Character of Arkalyk Batyr in the Great Steppe Folklore	94
<i>Mukhtarova S.S.</i> To translation problems of Kazakh non-equivalent vocabulary (on the materials of I. Esenberlin trilogy “Nomads”)	102
<i>Syzykova G.O.</i> Semantics of qualitative adjectives in the work «Kozy Korpesh-Bayan Sulu»	108
<i>Tanharykova A.V., Yusup A.N.</i> Mythological and technical foundations of sacred places in modern Kazakh poetry	115
<i>Turysbek R.S., Matibayeva E.K.</i> Small genre and artistic world (On creativity D.Doszhans)	121
<i>Utebaliyeva G.E., Kaskabassova Kh.S.</i> Multi-level language proficiency in learning a non-native language	129
<i>Shokabayeva S.S.</i> Word-formulative Potential of the Word «ақ» in the Modern Kazakh Language	136
Chronicle. <i>Satenova S.K.</i> Fundamental scientific work in the light of spiritual rebirth of society	145

Содержание

<i>Аймухамбет Ж.А., Макаш Л.</i> Легенды об Аттиле	8
<i>Амангельды А.А., Тилеужан Д.М.</i> Отражения материально-культурной лексики, применяемые к лошади в лиро-эпических произведениях	15
<i>Байбатырова А.А.</i> Когнитивно-прагматическая модель макроструктуры англоязычной научной статьи	25
<i>Бейсембаева Г.З., Калибасова А.К.</i> Гендерный аспект выражении эмоции в английском и казахских языках	42
<i>Бейсембаева Ж.А., Барямова Р.К.</i> Технические навыки и готовность учителей английского языка обучать онлайн	50
<i>Бижкенова А.Е.</i> Моделирование дериватов в современном казахском языке	62
<i>Даулетбекова Ж.Т., Юсуп П.К.</i> Психологические основы формирования интеллектуальной компетентности филологов-студентов в литературном образовательном процессе	70
<i>Дихан Камзабекулы</i> «23 жоктау» Алаша – символ жоктау по свободе	77
<i>Жусупова Р.Ф., Ниязова А.Е., Абдуова Б.С.</i> Формирование профессионально-ориентированной языковой идентичности в мультилингвальной среде	86
<i>Зейнулина А.Ф., Ибраева А.Т.</i> Образ Аркалык батыра в фольклоре Великой Степи	94
<i>Мухтарова С.С.</i> Особенности перевода казахской безэквивалентной лексики (на материале трилогии И. Есенберлина «Кочевники»)	102
<i>Сыздыкова Г.О.</i> Семантика качественных прилагательных в произведении «Козы Корпеш-Баян сулу»	108
<i>Танжарыкова А.В., Юсуп А.Н.</i> Мифопоэтические мотивы сакральных мест в современной казахской поэзии	115
<i>Турысбек Р.С., Матибаева Э.К.</i> Художественный мир малого жанра (По творчеству Д. Досжана)	121
<i>Утебалиева Г.Е., Каскабасова Х.С.</i> Разноуровневое владение языком при обучении неродному языку	129
<i>Шокабаева С.С.</i> Словообразовательный потенциал слова «ак» в современном казахском языке	136
<i>Хроника. Сатенова С.К.</i> Фундаментальный научный труд в свете духовного возрождения общества	145

XFTAP 17.09.91.

Дихан Қамзабекұлы

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: dikhan.kamzabek@mail.ru)

Алаштың «23 жоқтауы» - азаттықты жоқтау рәмізі

Аңдатпа. Мақалада өнердің бір түрі ретінде әдебиеттің әрі эстетикалық, әрі идеялық мақсат-міндеті бар екені қарастырылады. Көркемдік – сезім мен талғамға негізделсе, идея – ұлт, халық сұранымынан, мүддесінен бастау алады. Қазақ әлімсақтан екі дүниенің (бұл дүние және бақи дүние) обал-сауабын, жауапкершілігін терең түсінген. «Бұл дүние – о дүниенің алдындағы баспалдақ» деп санап, марқұмдардың рухы (аруағы) алдында есеп беріп отырған. Қайтқан адамды ақтық сапарға шығарып салу ерекше дәстүр ретінде орныққан. Бұл имани жоралғының поэтикалық көрінісі – жоқтау. Большевизм жылдары Алаш зиялылары қазақ жоқтауларын жеке жинақ («23 жоқтау») етіп шығарып, Қазақ елінің дамуы мен бостандығы үшін күрескен тұлғалардың тарихи орнын байыптата алған. Сырттайғы формасы «халық мұрасы» болып көрінгенімен, ішкі мазмұны «азаттықты жоқтау» екенін тұспалдай білген. Бір қызығы, осы «23 жоқтау» жинағын Мәскеуде даярлап шығаруға А. Байтұрсынұлы мен Ә. Бөкейхан қатар атсалысқан екен. Ішіне төрт ғасырдың арман-мұраты, қайғы-мұңы, намыс-шері енген еңбекті – «азаттықты жоқтаудың рәмізі» деп сеніммен айта аламыз.

Түйін сөздер: Алаш зиялылары, халық мұрасы, ел әдебиеті, елдік сарын, ұлт мүддесі, рухани сана.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2018-125-4-77-86>

Кіріспе. Әр елдің, мемлекеттің өзіндік қалыптасу мен даму тарихы бар. Тағдырдың бұралаң жолымен отарлаушы империяның шенгеліне түскен жұрттың басты арманы мен мұраты – азаттық болғаны және болары түсінікті. Әдебиет – елдік аңсардың, сарынның айнасы. ХҮІІІ-ХХ ғасыр аралығындағы қазақ әдебиетінің негізгі тақырыбы осыдан өрбіді. Алаш кезеңі көшбасшыларының бірі, ұлт ұстазы, аса көрнекті тілші, әдебиетші Ахмет Байтұрсынұлы ұлтты ағарту мен азаттыққа жеткізуді өмірлік қағидат етіп алды. Оның бай рухани мұрасының ішінде 1926 жылы Мәскеудің «Күншығыс» баспасынан (ресми аты – «Кеңестер Одағындағы елдердің кіндік баспасы») шыққан «23 жоқтау» атты жинағы ерекше көзге түседі /1, 74-173/. Мұның төмендегідей себептері бар.

Біріншіден, алақайлап «социализм құрамыз», «бай тұқымын тап ретінде жоямыз» деп жатқан кезеңде сұлтан мен батыр, би мен қожа – жалпы бұрынығының игі жақсылары туралы жоқтаулар жинағын шығару - ерекше қадам.

Екіншіден, өткеннен безіп (бұрынғыны біржақты сызып), бәрін жаңадан бастаймыз деген кезеңде А.Байтұрсынұлы еңбектің беташар парағына «қазақ тарихының төрт жүз жылын алады» деп жазуы – таңқаларлық шешім.

Енді есептесек, 1926 жылдан 400 жыл алғанда, 1526 жыл болады. Бұл – Қазақ хандығының нағыз күш-қуат алған шағы. Сонымен бірге осы уақыт – бізбен ағайын біраз жұрт азаттығының басы бәйгеге түскен кезең. Бұл ретте ағартушы тарих пен аңыз, жазбаша дерек пен ауызша дерек арасын жақсы зерделеп отыр.

Кімдер кімді жоқтағанына көңіл бөліңіз: 1) Қараулек ананың Мамай баласын (батыр) жоқтауы; 2) Қамқаның әкесі Қазыбек биді (Қаздауысты Қазыбек) жоқтауы; 3) Кеңгірбайды жоқтау; 4) Алтай Тәтіні жоқтау; 5) Нысанбайдың Кенесары-Наурызбайды жоқтауы; 6) Қырғыз Жантайды жоқтау; 7) Қырғыз Шоқшалайды қызының жоқтауы; 8) Шақшақ ұрпағы Төлебайды қызының жоқтауы; 9) Төлебайды келінінің жоқтауы; 10) Төлебайды қатынының жоқтауы; 11) Шұбыртпалы Әйкеге шығарған Бұдабай жоқтауы; 12) Қырғыз қызының жоқтауы; 13) Найман Әбжанды жоқтау; 14) Балқын қыздың жоқтауы; 15) Байжі-

гіт Мұратты қатынының жоқтауы; 16) Ысмайыл ханды ханымы Күнжанның жоқтауы; 17) Ерторыны келінінің жоқтауы; 18) Жолдыбайды қызының жоқтауы; 19) Есмағамбетті қатынының жоқтауы; 20) Ерғазыны қатынының жоқтауы; 21) Әбдірахманды Абайдың жоқтауы; 22) Ормамбетті баласы Нарманбеттің жоқтауы; 23) Әбдіғапарды қатынының жоқтауы.

Жоғарыда «Бұдабай ақын шығарған» дегендей, бұл жоқтауларды көбінесе айтушы емес, басқа бір ақын немесе жыршы шығарғанын байқаймыз. А.Байтұрсынұлы бұл туралы: «Жоқтауды көбінесе ақындар шығарып береді. Сондықтан жоқтау ақын лұғатты келеді» деп жазады [2, 254]. Мысалы, «23 жоқтау» жинағындағы мұралардың әрбіріне шағын түсініктеме берген «Қыр баласы» (Әлихан Бөкейхан) «Қарпық ақын шығарған», «Найман шығарған» т.б. деп ескертеді [1, 132; 148].

Тақырыптың өзектілігі. ХХ ғасырдың 20-жылдары Алаш қайраткерлерінің әдебиет пен мәдениетке қатысты әрбір бастамасынан мемлекетшілдік негіз бен танымның арқауын үзбеу аңсары айқын көрінді. Қалыптасқан елшілдік ұстаным мен большевиктік пролеткультшілдік текетіреске түскенде, ұлт қайраткерлері ел әдебиеті (фольклор) қуатын пайдаланды. Осы мәселе бір тақырып (жоқтау) бойынша зерттеу аса көкейкесті деп білеміз.

Мәселенің зерттелу тарихы. Әрине, жоқтау – фольклор жанры. Сондықтан оның уақыт пен кеңістік аясы, деректік негіздері көп жағдайда шартты. Бірақ Қазақ хандығы дәуіріндегі оқиға, тұлға атауларында, олардың жалпы нобайында сәйкессіздік өте аз.

Қарапайым өмірде жоқтауды «дауыс салу» деп те атайды. Ежелгі әдет-ғұрпымызда адам қайтқан күннен бастап оның жылы өтіп, асы берілгенше жоқтау айтылғаны белгілі. Дегенмен оның ерекше жеткізілетін тұсы – жаназаның (ресми діни рәсім) алды-арты немесе кісіні жер қойнына беретін мезет. Ағайын-туыс қазалы үйге «ой, бауырымдап» ат қойып шауып келіп, көрісіп көңіл айтады. Мәйітті шығарарда марқұмның әйелі немесе қыз балалары жоқтау айтып, қайғысын естелікке құрылған дәстүрлі жыр сарынымен басады.

Әйгілі Байдалы би [3, 53] айтты дейтін: «Сен жоқтау айтқалы отырсың, мен тоқтау айтқалы отырмын» деген сөз бар. Жоқтау – қазақ, қырғыз сынды ұлттарда аза ғұрпымен байланыстағы әрі қаралы, әрі артындағы ұрпағын рухтандыратын имани салттың бір түрі. Нақты салыстыруға келе қоймас, бірақ белгілі жағдайда Еуропаның реквиемінің (жан азасы) философиясы, мән-мағынасы қазақ жоқтауын түсіндіріп бере алады. Бұл жерде біз католиктік ғұрыпты емес, Батыс жұртының марқұм болған жандарға деген құрметін еске салып отырмыз. Әдетте ислам қағидаттары да жоқтауды, марқұмның соңынан жылап-сықтауды қолдамайды. Бұл қағидатты қатаң ұстайтындар: «Исламның алдындағы жәһилия дәуірінде арабтарда «нияһа» деген ғұрып болған. Сол уақытта әйел кісілер бір-біріне қарама-қарсы отырып алып, зар қағып өлген адамды жоқтаған. Ислам келгеннен кейін бұл дәстүр тоқтатылады. Хадисте: «Біреудің тегін жоққа шығарушы мен өліні зар қағып жоқтайтында жәһиліктің әрекет бар» делінеді [4, 175]. Біз дауыс салып жылауды қостамаймыз» дейді. Қазақ елі ұстанатын Әбу Ханифа мазхабы бұл мәселеге оймен, ақылмен келуді нұсқайды. Ата дәстүр құр жылауға немесе жасандылыққа бармай, орнымен егіле отырып бақиға озған жанның тірісіндегі өнеге ісін ұрпаққа аманаттайды. Бүгінгі ғылым, соның ішінде медицина мен психология адам өз бойындағы қайғыны ішіне жұтпай, шығарып тұруын (немесе бөлісуін) колдайды. Қазақ жоқтауы, бір жағынан әрі жұбату, әрі ауыртпашылықты бөлісу функциясын атқарады. Бұған иманды жұртшылық түсіністікпен қараған. Жылау -сықтау шектен шығып бара жатса немесе ол жасанды сипат алса, үлкендер жағы оған тоқтау салған.

Ұлт тарихындағы классикалық жоқтау қатарында әйгілі Бұхар жыраудың Абылай ханды жоқтауы, Қаздауысты Қазыбек биді қызы Қамқаның жоқтауы, Абайұлы Әбдірахманды әйелі Мағыштың жоқтауы тұр. Бұл жоқтаулардың әрбір сөзі тарихи шындық пен ел рухының терең сезіміне суарылған.

Айтулы осы үш мұраның екеуі «23 жоқтау» жинағына енсе, А.Байтұрсынұлы ыждағатының ерекшелігі айқындала түседі.

Мәселенің талқылануы. Қазақ халқы XIV-XVI ғасырлардағы ноғайлы заманының «Едіге», «Орақ-Мамай», «Шора» сынды батырлық жырларын ертеден насихаттап, ұлттық рухани мұрасының алтын қорына қосқан. Осы мұралар күні кешеге дейін ел бірлігі мен жер тұтастығына қызмет етті дей аламыз. Сондықтан «23 жоқтаудағы» Мамай батыр рухына бағышталған сөз [1, 81-85] халыққа өте түсінікті еді.

Қараулек ана Мамай баласын жоқтауын Ораққа қаратып айтады:

Ай, Орағым, Орағым,
Жалғыз қалдың, қарағым!
Мамайжан еді ырысың,
Бір құрсақтан дүреген,
Екеу еді туысың.
Екеуің жауға барғанда,
Қалмақты жеңді ұрысың.
Серіксіз қалдың, Орағым,

Дүние шіркін құрысын!... Жоқтаудың осы бастапқы жолдарынан субъективтік, пендешілік ой аңғарыла ма? Әрине, Қараулек ана болып қайғырған халық барлық пендешіліктен жоғары тұр. Оның ойында бір арман, бір мұң, бір мүдде тұр. Ол – халық мүддесі.

Айқай, енді күн қайда,
Қойға тиген бөрідей,
Жапыра қалмақ қуатын?
Құлыны өлген ақ байтал,
Енді саған күн қайда,

Ондай бала туатын? - дейді көкірегі қарс айырылып. Халық қиялында егде жастағы Қараулек елдің өткені мен бүгінге жауапты адамдай тіл қатады. Аналық борышын сезіне отырып, ендігі халық араманынан туатын балалардың Мамай мен Орақтай жаужүрек болатынына секемі бар. Неге?

Өлдің, Мамай, қор болдың...
Өлдің, Мамай, құм болдың...
Құм ұшырған жел болдың...

Ау, батырдың анасы бұлай тым езілмеуі керек еді ғой. Тым жербауырламауы тиіс еді ғой.. Жоқ, ел анасы, халық анасы айнала қоршаған қиындықты, құрылған торды көріп, болашағын ойлап, шерменде күйге түседі:

Сауытың қалды сандықта,
Алмасың қалды тұлдықта,
Аңдасқан дұшпан көп еді –
Елің қалды құлдықта...

Мамай батырдың тірісіндегі ерлігі мен өрлігін санамалаған және оны зор мақтаныш көрген ана Жаратқан алдында тәубесіне келе отырып бүй дейді:

Құдай салды, мен көндім,
Бұл сапарды ұнаттың,
Өзіңді қалмақ қамады,
Ақ орданды талады,
Артыңда қалаған жас бала,
Қашан сендей болады?
Қырық ұл туса бір күнде,
Орның қалай толады?

Қарт ана Мамай өмірінің өрі мен ылдиын, табысы мен талқысын сипатай келе, «ақ үйдің арыстаны, боз үйдің бостаны» болған қаһарманның өліміне иман келтіреді. Егіле отырып шүкір сөзін айтады:

Артыңда қалды жиғаның,
Тарқап кетті мейманың,
Ұжмақта қылып Құдайым,
Жолдасың болсын иманың!..

Иман – пенденің пәни өмірде жинайтын абыройы, айналасына көрсететін қасиеті, төккен маңдай тері. Дәстүр мен діннің үйлесімінен шығатын осы лепесті Қараүлек ана жоқтауға енгізе алған.

Әрине, біз бұл жоқтаудан әйгілі Ноғай ордасы мен Қырым хандығы тұлғаларының тарихи дәлдігін мен дерегін іздемейміз. Біз керегі – түркінің талай жұртын, соның ішінде қазақ ұлтын рухани тәрбиелеген, әзиз жанына – азық, өрлік жалауына – тамызық болған «Қырымның қырық батыры» сынды асыл мұраның жаңғырығын білу. Мамайды жоқтау – елдік пен батырлықты жоқтау. Мамай анасы Қараүлек – берекесіз аңыраған жай біреу емес, батырға ақ сүтін беріп, ақжарма тәлімін сіңіріп баптаған елдің қуаты, дәстүрдің жалғасы.

Қазақ еліне тұтқа, жұртына қамқоршы болған Қаздауысты Қазыбек би қайтқанда, асыл әкесін қызы Қамқаның жоқтауы [1, 86-90] – күні бүгінге дейін ұлттың рухани сана-сында сақталып, жиі айтылып жүретін мұра.

Қазақ хандығының қабырғалы биі Келдібекұлы Қазыбек - бүгінгі өлшеммен айтқанда, аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, әз Тәуке хан құрған «Билер кеңесінің» мүшесі, танымал шешен, «Жеті жарғыны» жүйеліп, жүзеге асырушы тұлғалардың бірі (Алаш лидері Ә.Бөкейханның дәлелмен айтқан есебі [1, 90] бойынша Қазыбек би 1661 жылы туып, 1758 жылы қайтқан; бүгінгі энциклопедиялар 5-7 жылға өзгертіп жазады). Ел арасында әкесі Келдібектің де, анасы Тоқмейілдің де аса беделді, парасатты адамдар болғаны жиі айтылады.

«Болашақ бидің анасы сәбиін тербетіп отырып:

Айналып ерді өсірсем,
Ақ сүтімді кешірсем,
Адалдан болар нәсібің.

Тіліңнен болар кәсібің, - дейді екен» делінеді халық аңызында.

Ал, енді арғы бабаларынан (Шаншар абыз, Бұлбұл шешен) бері алқалы топта сөз бастаған жас Қазыбек қалмақ қоңтайшысы Цэван Рабданға барған елшілер ішінен «Дат, тақсыр!» деп алға шығып, алдаспандай кесіп айтқан мына сөздері халықтың эпикалық санасында жатталып қалған:

«Біз, қазақ деген мал баққан елміз,
Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.
Елімізден күт-береке қашпасын деп,
Жеріміздің шетін жау баспасын деп,
Найзасына жылқының қылын таққан елміз,
Дұшпандар басынбаған елміз,
Басымыздан сөз асырмаған елміз.
Досымызды сақтай білген елміз,
Дәм-тұзын ақтай білген елміз.
Бірақ асқақтаған хан болса,
Хан ордасын таптай білген елміз» /5, 125/.

Қазақ шежіресіне қарағанда, Қазыбек биден Бекболат, Қазымбет, Базаргелді, Барқы, Сырымбет есімді бес ұл, Қамқа атты бір қыз тарайды. Жоқтау айтушы – бидің осы жар дегенде жалғыз қызы.

Қамқа жоқтауы – дәстүрлі қазақ жоқтауы. Мұнда баба жасына жетіп, ел алдындағы парызы мен қарызын молынан өтеген қайраткердің ұзақ та мәнді өмірі жеткілікті сипатталады. Ұлтқа олжа салған ерлігі мен тапқырлығы орайлы айтылады.

Қазаққа арман жол салдың,
Қолайлы қылып әр заңға.
Жесір қатын, жетім ұл,
Аруағыңа таянып,
Ие болды мал-жанға.
Жоғалмастай жол салып,
Үлгі болып сөз қалып,
Кеткен жоқ әкем арманда, - дейді Қамқа тәубасына келіп.

Әрине, қазақ ұғымында «ханда қырық кісінің ақылы бар». Бірақ ол ақыл оңай келмесі тағы да түсінікті. Ақылдың сауыты бекем болу үшін хан да, қара да парасатқа жүгініп, табысты бағалап, барды ұқсата алуы керек. Қазбек би – сол парасат өлшемі. Қамқа жоқтауына мән беріңіз:

Ақылменен мол тапқан,
Бағыменен ел тапқан.
Батыр мен хан сасқанда,
Әкеме келіп жол тапқан...

Ақылың, бағың молынан,
Елің ерді соңыңнан.
Арқасында әкемнің
Отырған жоқ бұл қазақ,
Ешкімнің кейін тобынан.

Осы орайда жоқтаушы Қазыбек бидің қазақ ауданынан шығып кеткен елшілік пен елшілік пайымын (ел шаруашылығына жайлы қоныс сайлау; қалмақ, сарт, орыс арасын таразы басы тең ұстау т.б.) айрықша баяндайды.

Заманынан оза туған, ақыл-абыройы өзінің емес, халқының олжасына айналған би зердесімен – бай, жәрдемімен – жомарт. Қамқа қыз мұны да есінен шығармайды:

Байлығын несін айтайын,
Кедей деп адам айта алмас.
Мырза деп несін айтайын,
Әркім-ақ қонақ қайтармас.

Бір сөзбен айтқанда, Қазыбекқызы Қамқа күллі қазаққа мәшһүр би әкесінің қадірін перзенті ретінде ғана емес, халықтың бір өкілі ретінде бағалай алған. Сол себепті де бұл жоқтаудың тарихи маңызы ерекше дер едік. Дәстүрге сәйкес, бұл жоқтауды сөзге ұста бір ақын жазып берді ме, жоқ әлде Қамқа қыздың өз жүрегінен шықты ма – ол жағы бір Аллаға ғана аян. Біз үшін маңыздысы - өзегін жарып шыққан өзінің халықшыл биін халықтың жоқтағаны. Бұл туындының ел жадынан өшпеуіндегі бір сыр да осында.

«23 жоқтау» жинағына енген таңдаулы бір мұра – Ысмайылханды ханымы Күнжанның жоқтауы [1, 136-141]. Оған түсініктеме берген «Қыр баласы» (Ә.Бөкейхан) Ысмайылхан – Тәукенің Арыстанбегінің перзенті екенін жазады [1,141]. *...Ел аузындағы және жазбаша деректерде Тәуке сұлтанның бір баласы Құсбек заманында Қарқаралының аға сұлтаны, дуанбасы екен. Бірде Жетісудаға Жолбарыс хан нәсілінен Рүстем төренің барымташылары Алтай жақтан әкеле жатқан жылқыларынан айырылып қалып, жолай оның 100-ден аса жылқысын олжалап әкетіпті. Істі бейбіт шешу керек. Сонда екі араның мәселесін бітістіруге Құсбекпен сыйлас Қарпықбай би жүрген деседі. Би Рүстем төреге барып, істің мән-жайын айтқанда, сұлтан өзін алдаған жігіттерінің басын алмақ болыпты. Сонда би төрені тоқтатып, ашуын басыпты. Рүстем сұлтан: «Ақысына не сұрайсың?» дегенде, төре шаңырағында құлдыраңдап бір үш жасар қыз бала жүр екен, сол бүлдіршінді нұсқап: «Құсбек төрінің де осы шамалас інісі бар» деп, құдалық жолын ұсынады.*

Сол қыз – Күнжан екен де, айтқан ұл – Ысмайылхан көрінеді. Кейін Құсбектің осы немере інісі Ысмайылхан Қарашораға болыс болыпты [6]. Әлихан Бөкейханның жазуынша, окружной приказдағы бір жемір майор қазақ әйеліне көргенсіздік жасағанда, Ысмайылхан араша түсіп, қылмысын қолмен қойғандай дәлелдеп, Сібірге айдатқан екен. Ақыры кектен кек туып, әлгі майордың әйелі 1867 жылы төрені улап өлтіріпті...

Былайша айтқанда, айналасына және ағайынына бауырмалдылығымен, әділдігімен танылған Ысмайылхан өлімі – қыршын өлім. Өйткені, жоқтауда Күнжан ханым «Отыз жастың ішінде / Жесір қалдым жастайын» дейді. Соған қарағанда, марқұм төре де отыздың о жақ-бұ жағында ажал құшқан.

Күнжан жоқтауынан бірнеше сипат анық көрінеді: *біріншіден*, марқұм Ысмайылхан – кісі қолынан, біреулердің қасақана аярлығынан қайтқандықтан, жырда әділеттікті іздеу сарыны байқалады; *екіншіден*, төре жастай қайтқандықтан, мұнда жанашырлықтың (қыршынды жоқтаудың) ерекше бір үрдісі көрініс тапқан; үшіншіден, ерлі-зайыптылардың бір-бірін жоқтауы бір басқа да, ата тегі ақсүйек жандардың елдік жауапкершілікті («тегіне тартып» дегендей) еске ала отырып жоқтауы бір басқа. Біз бұл жерде «жоқтауды шығарып берушінің» немесе Күнжанның өзінің жоқтауға әлеуметтік екпін түсіргенін жоққа шығармаймыз.

Асылзада сұңқарым,
Өлгеніңді есітіп,
Адамзат бәрі қайғырды.
Тағдырды Құдай тез беріп,
Отыз жасқа келгенде,
Айбатымнан айырды.
Қаһарына мінгенде,
Шын ашуы келгенде,
Тілмаш құрлы көрмеген,

Дуан басы майырды, - дейді бір қайтарымында Күнжан. Бұл үзіндіден адал жардың қайғысы да, марқұмның адамшылық ұстанымы да анық көрініс тапқан. Осы тұста қайғырушының әлеуметтік деңгейден (келін) гөрі мәселеге «сырт көз – сыншы» ретінде қарағанын байқап, жоқтау авторлығына халық лайық екенін аңғартатын да жер бар. Ол былай болып келеді:

Мырзалығы сонша еді –
Ғаріп пенен ғасірге
Барлық малын таратқан.
Бөкей, Тәуке, Барақтан
Тумай сөзге ілініп,
Ақ патшаға білініп,
Жастайынан шен алған,
Шапаны келген сенаттан.

Әрине, бұл деректің бәрі де рас болуы мүмкін. Бірақ сойы – ақсүйек, өзі ел дәстүрін жалғастыруға тиіс тұқымның келіні өз қайын аталарының атын атауы мүмкін емес. Бұл – жай ғана штрих. Одан жоқтаудың мазмұнына, мәртебесіне ешқандай зиян тимейді.

Бұл жоқтаудағы өлеңмен өрілген бір аңсау-арман – білімді, білікті, батыл жас азаматтың қайталанбас өмірбаян парақтары. Заман – жана, адам да – жаңарған, ой-арман да – жаңалықтан тоят іздейді. Бірақ соның бәріне қол жеткізген азаматтың төттенен келген өлімі жаңалық пен әділдікті қатар іздеуші жұртты сансыратады...

Кешегі менің бекзатым,
Бесінде мектеп оқыған,
Алтыда ақыл тоқыған,

Жетісіне келгенде,
Жетпіс жерден дін сұрап,
Құдықтай көзін шұқыған.
Сегізіне келгенде,
Сергелдіге бас болған,
Тоғызына келгенде,
Толған айдай балқыған,
Дәулеті көлдей шалқыған,
Он біріне келгенде,
Ақылы асты халқынан,
Он екіге келгенде,
Құрбы өтпеді нарқынан.
Жиырмадан өткен соң,
Енді отызға жеткен соң,
Саликалы би болды...

Бұл салыстырулар мен деректің бәрі бірыңғай фольклорлық бейне деп айта аламыз ба? Әлде бұл гипербола - әсірелеу ме? «Қазақтың тірісінің бәрі жаман, өлісінің бәрі жақсы» дегеннің кері ме? Жоқ, бұл деректер жай эмоция болмаса керек. Алаштың Әлиханы мен Ахметі ұрпаққа аманаттаған «Ысмайылхан өлімі туралы» мұра шындыққа қиғаш емес деп ойлаймыз. Бұл жерде Күнжан зары – бір есептен халық зары, хандық мұрағы төбесінен ұшқан халық қайғысы. Бұл, бәлкім, «білікті, әділ, елшіл, батыл төре-сұлтан көбейсе, қазақтың есесі біреудің қолында кетпес» деген арман шығар. «Сондай Ысмайылхан өлді, енді сондай арлы азамат шығар ма екен?» деген ой-аңсар болар.

Қыршын сұлтанды жоқтауда өмір туралы керемет философия бар.

Сұм дүние, сағым боларсың,
Баршаны жалмап тынарсың.
Жылтырайсың сыртыңнан,
Өргенген ішің шынарсың.
Абайлатпай адамға,
Ақыры бір күн құларсың...
Сұм дүние, қазір көшесің,
Өткіздің ердің нешесін.
Бес күндей қызық көрсетіп,
Аларсың ақыр есесін...

Осы тұста Күнжанның зары ұлттың зарына ұласып, адамзат жұмбағын, екі дүние сырын меңзегендей болады.

Айырылдың, халқым, нарыңнан,
Көтерген ауыр қомыңды-ай!..
Қай теңдікке, ағайын,
Жеткізбей кетті-ай қолыңды-ай?!

Жоқтаушы немесе жоқтауды оқтын-оқтын қайталап жан жарасын жазған жұрт бұл жерде ой түкпірінде бір ғана Ысмайылханды ұстады деуге келе қоймас.

Қарап тұрсаңыз, аясына жоқтау жанры енетін фольклор - әлеуетті идеология. ХҮІІІ-ХІХ ғасырда қаһармандық жырлардың неге маңызы артты? Отарланған ел азат күнін, айбарлы шағын сағынды. ХХ ғасырдың 20-жылдары Мағжандар, 60-жылдары М.Мағауиндер неге қобыз сарынын қозғады, жырлады. Бәрі де ұлт рухы үшін. «23 жоқтау» да – қазақ рухына қойылған ескерткіш. Пәни өмірдегі адам неге бақиға озған адамын жоқтайды? Екі дүниенің обал-сауабын ойлап жоқтайды. Шерлі көңілде идеализациядан гөрі шынайылық басым болады. Кез келген адамның ата-анасы - әрі асқар тау, әрі мөлдір бұлақ. Жоқтау

айтқан перзент немесе туысқан осы пананы, осы тазалықты түсінгенін айтып, тәубасына келеді. Содан бір отбасының трагедиясы ұлт трагедиясына айналып кете барады. «Әке – балаға сыншы», «Жұрт мақтаған жігітті қыз жақтаған» нақылдарының мәніне лайық жас азамат қыршын кетсе, айналасы, ағайыны һәм жары немесе сүйгені бордай езіледі. Қайғыдан аһ ұрады. Пәктікпен айтылған жоқтау адамның сай-сүйегін сықырлатып, жанын қозғап, жауапкершілік биігіне алып шығады. Байқасаңыз, былайғы өмірде өлім-жітімде оқылатын қасиетті Құран сүрелері мен аяттары мағынасында осы сарын айқын көрінеді. «Раббым Алла, саған қайтамыз» делінеді Құран-Кәрімде [7, 405]. Қазақтың қара өлеңі мен жоқтауы: «Өлмесе ата-бабаң қайда кеткен?» дейді [8].

Қорытынды. 1930 және 1937 жылдары А.Байтұрсынұлы сынды зиялыларға саяси кінә тағылғанда, «ескіліктің сөзімен халықты кеңес өкіметіне қарсы қойды» деген. «Тамшы тас жарады» дегендей, имандылықтан азар-безер жүйе ескіліктің сөзінен зәре құты қалмай қорыққан. Әрине, қиын кезеңде мұра ретінде насихатталған жоқтаулардың астарында азаттықты аңсау ұғымы тұрғанын кеңестік билік түсінген. Ал, зиялылар болса әрқашан «ескілікті» - елдік дәстүрдің алтын арқауы деп білген.

Қиын да жауапты кезеңде дербестікті жоқтаудың рәмізіндей болған «23 жоқтау» - ұлттың генетикалық кодында қатталып қалған құнды рухани жәдігер ретінде халықпен бірге жасай береді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Байтұрсынұлы А. Көптомдық шығармалар жинағы / А. Байтұрсынов (құраст. А. Исмақова, Р. Имаханбетова). 5-т. - Алматы: Алаш, 2006. - 288 б.
- 2 Байтұрсынов А. Шығармалары. / А. Байтұрсынов (құраст. Ә.Шәріпов, С.Дәуітов). - Алматы: Жазушы, 1989. - 320 б.
- 3 Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. / жинақ - Алматы: Қазақ энциклопедиясының бас редакциясы, 1999. - 720 б.
- 4 Қазақ елі: дін және салт-дәстүр. / жинақ - Алматы: AL-press, 2016. - 260 б.
- 5 Негимов С. Бес томдық шығармалары. 1-т.: Шешендік өнер. / С. Негимов - Астана: Фолиант, 2018. - 400 б.
- 6 Қамзабекұлы Д. Алаштың «23 жоқтауы» / Д. Қамзабекұлы // «Ана тілі» газеті, 20.08.2015
- 7 Құран-кәрім. Қазақша мағына және түсінігі / аударған Х.Алтай. - Екі харамның қызметкері Фаһд патшаның Құран шариф басым комбинаты, һижри 1412, мілади 1991. - 665 б.
- 8 Қара өлең / құрастырған О. Асқар. - Алматы: Жалын, 1997.- 640 б.

Дихан Камзабекулы

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

«23 жоқтау» Алаша – символ «жоқтау» свободы

Аннотация. В данной статье рассматривается литература как один из видов искусства, которая имеет как эстетическую, так и идейную цель. Если художественность основывается на чувствах и вкусах, идея – на вопросах и интересах нации и страны. Казахский народ издревле понимал важность мировозздания и ответственно относился к земной и вечной жизни. Считалось, что земная жизнь – подготовка к вечной жизни, и человек должен отчитываться перед духом покойных (аруахов). Проводы усопшего в мир иной совершались как особый ритуал. Поэтический облик этого обряда – жоқтау (плач по усопшему).

В годы большевизма культурная интеллигенция «Алаш» выпустила «23 Жоктау» отдельным сборником. В этой книге в поэтической форме представлены жизнеописания великих личностей, которые боролись за развитие и свободу казахского народа. Форма повествования на первый взгляд могла показаться как «народное наследие», однако содержание было как «плач по свободе». «23 Жоктау» был подготовлен видными деятелями как Ахмет Байтурсын-улы и Алихан Букейхан. Мы можем с уверенностью отметить, что данный сборник включает в себя надежды и чаяния, печаль и страдания, гордость и мудрость четырех веков. И это является символом жоктау по свободе.

Ключевые слова: деятели «Алаш», народное наследие, народная литература, национальный мотив, национальный интерес, духовное сознание.

Dikhan Kamzabekuly

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

«23 Zhoktau» of Alash – «Zhoktau» Symbol of Freedom

Abstract. This article considers literature as one of the types of art that has both an aesthetic and ideological goal. While artistry is based on feelings and tastes, the idea is based on the demands and interests of the nation and country. Since ancient times, the Kazakh people understood the importance of the world and responsibly treated earthly and eternal life. It was believed that earthly life is a preparation for eternal life, and a person must account to the spirit of the deceased (aruahs). Following one to his grave was performed as a special ritual. The poetic image of this rite is Zhoktau (crying for the dead). During the years of Bolshevism, the cultural intelligentsia «Alash» released «23 Zhoktau» as a separate compilation. In this book, life stories of great personalities who fought for the development and freedom of the Kazakh people are presented in a poetic form. At first glance, the form of the narrative could seem like a “national heritage”, but the actual content was “crying for freedom”. «23 Zhoktau» was prepared by prominent figures like Ahmet Baitursyn-uly and Alikhan Bokeikhan. We can safely say that this compilation that includes hopes and aspirations, sadness and suffering, pride and wisdom of four centuries, is a symbol of Zhoktau for freedom.

Key words: «Alash» figures, national heritage, folk literature, national motive, national interest, spiritual consciousness.

References

- 1 Baitursynuly A. Koptomdyk chygarmalar jinagy / kurastyrg. A.Ismakova, R. Imaxanbetova [Multi-volume collection of works / ed. by A.Ismakova, R.Imakhanbetova]. Volume 5. (Alash, Almaty, 2006, 288 p.). [In Kazakh]
- 2 Baitursynov A. Chygarmalary / kurastyrg. A. Charipjv, S. Dayitov). [Writings / ed. by A.Sharipov, S.Dauitov]. (Zhazushy, Almaty, 1989, 320 p.). [In Kazakh]
- 3 Kazakhstan: ulttyk ensiklopedia [Kazakhstan: National Encyclopedia]. (Chief editorial office of Kazakh Encyclopedic, Almaty, 1999, 720 p.). [In Kazakh]
- 4 Kazakh yeli: din jane salt-dastur [Kazakh nation: religion, traditions, and customs]. (AL-press, Almaty, 2016, 260 p.). [In Kazakh]
- 5 Negimov S. Bes tomdyk chygarmalary. T. I. Chendik oner [Collection of works in five volumes. Volume 1: Oratory]. (Foliant, Astana, 2018, 400 p.). [In Kazakh]
- 6 Kamzabekuly D. Alachtyn «23 joktau» [«23 Zhoktau» of Alash] // «Ana tili» newspaper, 20.08.2015. [In Kazakh]

7 Quran-kareem. Qazaqcha magynasy jane tusionigi / audargan X. Altai [The Kazakh meaning and notion / translated by H. Altai]. (Eki haramnyn kyzmetkeri Fahd patshanyn Quran sharif basym kombinaty, hijri 1412, miladi 1991, 665 p.). [In Kazakh]

8 Kara olen / kurastyrg. O. Askar [Black verse / compiled by O. Askar]. (Zhalyn, Almaty, 1997, 640 p.). [In Kazakh]

Автор туралы мәлімет:

Қамзабекұлы Дихан – филология ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің проректоры, ҚР ҰҒА академигі.

Dikhan Kamzabekuly - Doctor of Philology, Academician of NAS RK., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

FTAMP 17.71.07

Р.Ф. Жусупова¹, А.Е. Ниязова², Б.С. Абдуова³

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: ¹rozazhusupova@rambler.ru, ²naigul73@mail.ru, ³bayan1968@mail.ru)

Кәсіби бағдарлы тілдік тұлғаны қалыптастырудың мультилингвалды сипаты

Андатпа. Қазіргі білім беру жүйесінде заман талаптарына, озық парадигма өлшемдеріне жауап бере алатын жаңа теориялық үрдістерді жасау қажеттілігі анық байқалып отыр. Кәсіби тілдік құзіреттілікке лайықты болашақ мамандарды дайындау саласында көптілділік білім принциптерін қолдану жолдарын дамыту және жетілдіру аса маңызды мәселеге айналып отыр. Осы мақсатқа орай жаңа типтегі кәсіби тілдік тұлғаны лингвоәдістемелік моделдеу үлгісін жоғары оқу орындарында енгізу күн тәртібінен орын алуда. Студенттердің этникалық өзіндік идентификациясын бұзбай бір тілдік кодтан екіншіге тез өтудегі ана тілінде, орыс (қазақ) тілдерінде және ағылшын тілінде тілдік және сөйлеу жетістіктерін есепке алу басқа тілдік лингвомәдениетті кәсіби деңгейде меңгерген тілдік тұлға қалыптастыруға жеткізеді.

Түйін сөздер: тілдік тұлға, көптілді білім беру, лингвоәдістемелік моделдеу, тілдік код, кәсіби бағдарлы тұлға.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2018-125-4-86-93>

Кіріспе. Қазақстанның оқу дискурсы полилингвоменталдық кеңістігінде жаңа типтегі кәсіби тілдік тұлғаның қалыптасуы үш тілділік жағдайында қазіргі заманғы бәсекелестікке қауқарлы маманды дайындаудағы тіл саясатының нәтижесі ретіндегі объективті процесс болып табылады. Қазіргі заманғы білім парадигмасының талаптарына жауап бере алатын жаңа теориялық үрдістерді жасау қажеттілігі туындайды. Кәсіби құзіреттілікке болашақ мамандарды дайындау саласында көптілділік білім принциптерін қолдану жолдарын дамыту және жетілдіру керек, оларда мәдени құзіреттіліктің қалыптасуына қол жеткізу қажет. Жаңа типтегі кәсіби тілдік тұлғаны лингвоәдістемелік моделдеу студенттердің этникалық